

«Мәңгілік ел» болуға қамдам басқан тәуелсіз Қазақстанның жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін жастардың ұлттық кодты сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, ақыл-ойы кемел тұлға болуы маңызды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы – қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқутәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда қолданылып, өскелең ұрпақ бойында отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдер қалыптастырылуда.

Ең бастысы – жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным – өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз


ТАБЫС ТІЗГІНІ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

бостандығын, пікір бостандығын сезіндіру, олардың ұстанымдарымен санасу.

Рухани жаңғыру – адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімінің жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, ұлттың өсуіне осы рухани жаңғыру дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән-салтанаты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Елбасы рухани жаңғырудың бірнеше принципін ұсынды. Ғаламдандудың жаһандық жүйесіне еніп, ХХІ ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты. Қазіргі таңда білім беру бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. ХХ ғасыр қасіреттерін қаперімізде ұстап, одан сабақ алу және дүрбелең туғызу экономикалық күйреуге алып келетініне қазіргі кезде болып жатқан әлемдік толқыныстарды мысалға келтірді. Ревалюциялық өзгеріс емес, эволюциялық жаңару алып келуіміз керек екеніне ой қорытты.

Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарының



болашағына ғана емес, бүтіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні түсінікті де. Ендеше, елдің жарқын болашағы – жастардың қолында.

**А.ӨТЕБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Заманауи тілдер
және аударматану» кафедра-
сының оқытушысы,**

**М.МУСАЛИЕВА,
М.БАЙДАБЕКОВА,
«Техникалық мамандықтар
бойынша шет тілдер
кафедрасының»
аға оқытушылары**